

режимінің тәуелділігінен анықталады. Құрлыққа қарағанда электр жетектердің және электрқозғалтқыштарының қуаты жоғарыны таңдайды.

*ӨКБҚ- ны жаңа нүктеге жеткізу.*

ӨКБҚ-ны жаңа нүктеге апарып жеткізу өте жауапкершілікті операцияның бірі. Көп ӨКБҚ өздігінен жүрмейді. Олардың буксировкасы үшін арнайы буксирлеу кемелері қолданылады.

Буксирлеудің 2 түрі болады: қысқа жерге апару және ұзақ жерге апару. Қысқа жерге апару 12 сағатқа дейін созылады және аса ауа райының кепілдігін қажет етпейді.

Ал ұзақ жерге апару 12 сағаттан көп уақытты алады және тек қана ауа райы жақсы кезде орындайды (жел, толқынның болмауынсыз). Экспериментті зеттеулермен қабылданған, буксирлеу кедергісі – жалпы судың 80% кедергісі, ал 20% толқын кедергісі құрайды.

Буксирлеу алдында апару жобасын буксирлеу жылдамдығын өлшейді, содан кейін барлық қауіпсіздік шараларын жүргізеді (барлық ашық жабдықтар бекітіледі, т.б).

*Өздігінен көтерілетін* деп аталатыны теңіз бетінде платформаны көтеру және түсіру оның өзінде орналасқан домкраттар және шоғырдың тросты жабдықтарымен жүргізілетіні.



**2.10-сурет.** «Лукойл» компаниясының ӨКБҚ-сы.

ӨКБҚ үлкен тереңдіктерде тиімді қолдануға негізгі кедергілер келесілер:

1. Теңіз бетінде үлкен негіздерді тасымалдау, монтаж және демонтаждың қиындығы мен қымбаттылығы.

2. Тіректердің ұзындығы ұзарту кезінде олардың беріктігінің, тұрақтылығының төмендеуі.

3. Негіздерді теңіз грунт түбінен алу қиындығы.

90м тереңдікке арналған, платформа ауданы – 2600м<sup>2</sup>.

Буксирлеудің алдында орын ауыстыру жобасын өңдейді, онда қашықтықта, жүзу ауданына, метеоболжамның сенімділігі және ұзақ мерзімділігіне байланысты буксирлеу жылдамдығы, буксирлердің саны мен қуаты, олардың орналасу сұлбасы және басқада қауіпсіз орын ауыстыру шаралары белгіленеді. Қондырғының беріктігіне және мықтылығына есеп